

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру

Орындаған: Іліяс Б.Н,м(о)-16к
тобы

Қабылдаған: Маханбетова А. Ж

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі, яғни мүгедек, тіл кемістігі бар, көз жанарынан айырылған, аутизмге ұшыраған балаларға деген қоғамда өрескел көзқарас қалыптасқан.







Балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі мүгедек балаларды әлеуметтік оңалту болып табылады, ол мүгедек балалардың тіршілік әрекетінің шектелуін еңсеруі, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруі, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекке бейімделуі және материалдық тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылады.



**Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау
Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан
Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді
әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан
Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен
реттеледі.**



С.Д.Забрамнаяның «Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей», Х.С.Замскийдің «Умственно отсталые дети», Е.Е.Чепурныхтың «Дети с особыми нуждами» » мәселесі бойынша зерттеулері құрады.



Кез келген бала бірінші кезекте қамқорлықпен көмекке ие болуы тиіс. Балалар құқығы (1959ж) Декларациясында былай делінген, «Барлық балалар нәсіліне, аққаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқада түсінігіне, туған жеріне жағдайына қарамастан өзіне тиісті мүмкіншіліктердің бәріне құқылы



Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп келеді, яғни, орта оларды қоғамның белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын жеке тұлға ретінде қабылдауда. Осы орайда педагог қызметкерлердің ең басты міндеті болып, қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктерін анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынасын дамытып, дені сау балалармен араласқұралас жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігінде жарымжан балаларға әркез жәрдем беруге әзірлік сезімін туғызуды қамтамасыз ету табылады.

Мүмкіншілігі шектеулі балалардың тәрбиесі бір-біріне қарама-қарсы екі ұғымнан тұрады. Олардың бірі - ата-анасы баланы жан-жақты, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді. Бірақ ,оның ішкі әлеміне үңіліп, рухани қажеттіліктеріне терең бойлай бермейді.Тіпті кейде баланы жазалайды. Мұндай от басындағы балалар іштей күйзеліске түседі. Олардың көңіл күйі түсіп сенімсіздік пайда болады.Ал, психологиялық шеттету баланың зиятына кері әсерін тигізіп, білім деңгейін тежейді.



Екінші бір жағдай,ол- баланы шектен тыс қамқорлыққа алу.Ата-аналар бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп, өздерін кінәлі сезініп,оны тым бос ұстап еркелетеді. Мұндай атмосферада өскен бала бұйығы келеді, өз-өзіне сенімсіз, әлжуаз болып өседі. Мұндай балалар әлеуметтік даму жағынан түрлі қиындықтарға тап болады

Мүмкіншілігі шектеулі баланың отбасындағы қарымқатынасын және өзі қатарлас балалармен қарым-қатынасын анықтау, олармен бірдей деңгейде араласуына мүмкіндік туғызу, білім деңгейіне сай оқыту және қоғамның болашақ өз-өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу үшін педагог мамандар ата-аналармен, әлеуметтік сала қызметкерлерімен тығыз байланыста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана, мүмкіндігі шектелген балалардың өздерін қоғамның толыққанды азаматы ретінде қабылдауына жағдай туатын еді.

**Мұндай
балалар ерекше
көңіл бөлуді,
арнайы
тәрбиелеу мен
оқытуды талап
етеді.**

